

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2116. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 290 бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған б ұ й р ы қ т а р ы н ы ң тізбесі**

2. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 157 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 қаңтарда N 2116 тіркелген, 2003 жылы "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің бюллетенінде" жарияланған N 13, 827-құжат).

### *Төраға*

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 6 наурыздағы N 69 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 95 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен қоса,

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 етіп тіркеген, Кеден жаршысының 2001 жылғы N 2 санында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кеден аймағы режимімен мәлімделген тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесінде:

1 ) 1 0 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"N 0.000 элемент, мұнда";

он бірінші абзац алынып тасталсын;

он екінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте тауарларды кезеңдік декларациялау рәсімі бойынша тауарларды әкелуге кезеңдік жүк кедендік декларациясын тіркеген сәттен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде рұқсат етіледі. Тауарларды әкелу аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірмей әкелінген тауардың нақты саны ескеріле отырып толтырылған толық жүк кедендік декларация ұсынылады".

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағаның міндетін атқарушы*